

1-Жүргізушісі

Кіріспе: Армысыздар, құрметті қонақтар, ардагер ұстаздар және ауыл ақсақалдары! Бүгінгі «**Қарттарым асыл қазынам**» атты концертімізге қош келдіңіздер!

Дүниеге келер бір рет,
Дария кеуде тау мүсін.
Құрыштан құйған құдірет,
Қарттарым аман-саумысың!?

2 - Жүргізуші:

Ұстаз деген ұлы сөз ұлағатты,
Ол болмаса, кім береді парасатты.
Асылын беріп шәкірт бойларына,
Ағартқан сол үшін де қара шашты, Ардагер ұстаздар төл мерекелеріңіз
құтты болсың

1-Жүргізуші:

Өздерің жүрсең қасымда,
Ел іші жомарт еңселі.
Дән иісі жүрген қанында,
Даламның бір бөлшегі.

Бүгінгі ауыл ардагерлерімен кездесудің құттықтау сөзін: мектебіміздің оқу ісінің меңгерушісі: –Шалабаева А.Т. беріледі.

1-Жүргізуші: Бүгінгі бас қосуымыздың үлкендерге ізет, қарияларға құрмет, еңбек адамына деген ілтипат. «Үй алдында төбең болса, ерттеулі тұрған атпен тең, ауылыңда қартың болса, жазып қойған хатпен тең» дегендей ақыл айтып өнегелі сөз сөйлейтіндей қарттарымыз құдайға шүкірлік –баршылық. «Ақсақалы бар ауыл адаспайды» дей отыра келесі орындалар әнді қабыл алыңыздар.

Ән. 5 сынып орындауында «Әже»

2 Жүргізуші:

Жақсылар ұмытпайды ұстаздарын,
Ойлайды, олар сонымен ұшталғанын.
Мәңгілікке мақтанып өтеді ұстаз,
Шәкіртінің биікке шыққандарын.

Өлең шумақтары бастауыш сынып қабыл алыңыздар

1- Жүргізуші:

Сақалыңнан айналдым қарт бабалар,

Ұрпағыңа не айтарсың артта қалар?

О, тірі шежірелер, қалдырыңдар,

Қанеки, нелерің бар салтқа жарар, - деп Мұқағали Мақатаев жырлағандай аға ұрпақ өнегесі - өткен ХХ ғасырдың рухани мұрасы. Бүгінгі буын осы жүзжылдықта өмір сүріп, елімізді өркениетке жеткізер ұлы жолдағы жасампаз ұрпақ. Құрметті ардагерлер, келесі ән шашу сіздерге арналады.

Жүргізуші:

Ұрпақтарға үйрету – шарт бүгінгі,

Кең пейілді үйренген кең даладан.

Өнегелі, өрелі қарт бүгінгі,....

Ендігі кезек әнге беріледі.

Жүргізуші:

Ұрпағым деп ұл өсірген атам- ай,

Сізді ойласам терең ойға батам-ай.

Балаларым сендер аман болшы деп,

Ақ тілеумен беретұғын батаң – ай.

Жүргізуші:

Бойына бар сұлулық жиылғандай,

Мүсінің ақ мәрмәрдан құрылғандай,

Жарқ етіп шыға келген ел алдында

Биші қыздар ғажап еді, биің қандай!

Жүргізуші:

Балғың сол кездегі достар қайда

Қалжыны көп, әрқашан тілі майда

Достар едік, дос едік бәріміз,

Бәрімізге жеттіғой кәрілік-Рашидтың орындауында

Жүргізуші:

Көп жасаған қария,ақыл теңіз-дария,
Көп өнеге сөзі бар,сөзі соқпақ,өзі нәр.
Ата салты ардақты,әрбір сөзі салмақты
Сол сөздерді құп алсақ,тістерсің бір күн бармақты.

Жүргізуші:

Құлақтан кіріп,бойды алар,
Жақсы әнмен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,әнді сүйсең,
Менше сүй-демекші кезкті әнге берейік.

Жүргізуші:

Арсыз күлкің тыйылмас,жылауың да
Айтсың да басылмас,жылауың да
Ағайын араздасып кетер еді
Бір қария болмаса бір ауылда.

Жүргізуші:

Әжем менің мейрімді,сыйлайды үлкен кішілер,
Әжеге деген пейліңді,әжесі барлар түсінер
Ақжаулықты әжемді ай жүзіне теңедім
Мейірімі таусылмас күн нұрына теңедім

Жүргізуші:Құрметті қариялар,

Түндеріңіз тыныш болсын
Үйлеріңіз ырысқа толсын,
Ұлдарыңыз сесті болсын.
Келіндеріңіз есті болсын

Ән «Ұстаз» .7 сынып

Жүргізуші:

Балаларыңыз құаныш әкелсін

Немерелеріңіз жұбаныш әкелсін

Орындарыңыз топ болсын

Дастархандарыңыз мол болсын!

Қатарларыңыз көп болсын

Уайым-қайғыларыңыз жоқ болсын

Елде бірлік болсын

Жарасты тірлік болсын!

Осымен **«Қарттарым асыл қазынам»** атты мерекелік концертіміз аяқталды көңіл бөліп, тыңдағандарыңызға рахмет.